

Ерхожина Ш.Л.,

Сулейман Демирел университеті, п. ф. к.,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail:ergozhina@inbox.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ НЕГІЗІ – ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ ҚҰРАЛЫ

Мақалада қазіргі білім берудің мазмұны туралы сөз болады. Жаңартылған білім мазмұнына негізделген оқулықтардың сипаты және авторлары туралы, олардың құрастырған оқулықтарының артықшылықтары қарастырылып талданды. Оқулықтардың оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттері арқылы білімгерді жан-жақты дамыту мақсатында, пәннің ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, саналылық, көрнекілік, т.б. білім берудің негізгі ұстанымдары басшылыққа алынғаны туралы талдаулар жасалды. Оқылым, тыңдалым мәтіндерін талдау сұрақтары проблемалық тұрғыдан келеді. Оқулықтың оқу материалдары ғылыми және әлеуметтік мәселелер төңірегінде топтастырылғаны және оларды шешудің әртүрлі теориялық әдістері ұсынылуына өзіндік сараптама жасалды. Проблемалық міндеттер мен сұрақтардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай берілуі, мәтінге кіріспес бұрын ойтүрткі сұрақтарының берілуін оқушылардың танымдық қабілетін арттыратын, шығармашылыққа бағыттайтын, оқушыны сабақ үдерісінде белсенділікке апаратыны туралы тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: жаңартылған білім мазмұны, креативті ой, танымдық, проблемалық, критериалды бағалау өлшемдері.

Yerkhozhina Sh.L.,

Suleiman Demirel University, PhD, A/Professor,
Kazakhstan, Almaty, e-mail:ergozhina@inbox.ru

The basis of updated knowledge is a tool of activate learning

The article deals with of modern education. The characteristics and content of the textbooks based on the content of the updated education, the advantages of their textbooks have been analyzed. The purpose of comprehensive to develop of the students through reading, listening, speaking and writing activities of the textbooks, analyzes have been made that the subject is guided by the basic principles of science, systemicity, consistency, consciousness, visibility, etc. Questions of reading, listening texts are problematic. The textbook's teaching materials are joined into scientific and social issues and their own analysis of the various theoretical methods of their solution. It has been concluded that the problematic issues and questions are based on the age characteristics of the learner and that before the introduction of the text, the questioning of the questions leads to the student's cognitive ability, creativity, and the student's active involvement in the learning process.

Key words: updated content of knowledge, creative thinking, cognitive, problematic, criterion evaluation.

Ерхожина Ш.Л.,

к. п. н., Университет имени Сулеймана Демиреля,
Қазақстан, г. Алматы, e-mail:ergozhina@inbox.ru

Основа обновленного содержания образования – инструмент активизации образовательной деятельности

В данной статье рассматривается содержание современного образования. Проанализированы характеристики и содержание учебников, основанных на содержании обновленного образования, отмечены преимущества данных учебников. В целях всестороннего развития

учащихся посредством чтения, слушания, говорения и написания были сделаны анализы учебников, согласно которым субъект руководствуется основными принципами научности, систематичности, последовательности, целостности, наглядности и т.д. Вопросы анализа текстов чтения, слушания являются проблемными. Проведена самостоятельная экспертиза учебных материалов учебников, сгруппированных по научным и социальным вопросам, а также теоретические методы их решения. Дано заключение о том, что проблемные вопросы даны с учетом возрастных особенностей учащихся, что до работы над текстом даются проблемные вопросы, которые повышают познавательную способность, раскрывают творческий потенциал, в результате которого учащиеся принимают активное участие в учебном процессе.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, креативное мышление, когнитивное, проблемное, критериальное оценивание.

Кіріспе

Білім беру үрдісінде жаңа бағдарламаның тәжірибеге енуі мен қолданысқа түсуі жаңалық болып келді. «Жаңартылған білім мазмұны» деген атауға ие болып, білім мазмұнын түбегейлі өзгерткен бұл бағдарлама өзіндік ерекшелікке ие. Осы бағдарламаны басшылыққа алып жаңа тұрпаттағы оқулықтар құрастырылды.

Оқытуды қазіргі заман тұрғысынан талдайтын болсақ, білім мазмұны жаңартылып, қазіргі қоғамның аса маңызды қажеттіліктеріне жауап беретін, өсіп келе жатқан ұрпақтың дамуы мен тәрбиесіне, білімі мен құндылықтарды қабылдауы идеясы біріктіріле қарастырылған білім бағдарламалары тәжірибеге енгізілді. Жаңа бағдарламаға сүйенген білім оқушыны танымдық іс-әрекеттің және өзіндік дамудың субъектісі ретінде қалыптастыра алады деген сенімде. Өзінің ынтасымен, қажеттіліктері мен мақсат-мүдделерімен, жан-жақты негізді білімдарлыққа деген талпынысы мен мүмкіндіктерімен қалыптасып келе жатқан жеке тұлға қазіргі дидактиканың орталығына айналады. Баланы заман ағымы талаптарына сай, бәсекеге білімімен төтеп бере алатын, айтарлықтай шығармашылық потенциалы бар жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін бар мүмкіндіктер оқыту үрдісінде қарастырылуда. Ондай жеке тұлға ғылым, білім, эрудиция қоғамдық құндылықтарды жасау арқылы қоршаған болмысты түрлендіріп, өмір мен басқа ортаны жақсартудың құралы болып табылады. Жақсы білім, білік, дағдыны игерген тұлғаның іс-әрекеті мен көзқарастары арқылы дүние мен адамдарға деген өзінің өнегелілік қатынасын білдіру, дағдыларын қажетті ортада жағымды үрдісте қолдану, қоғам өмірінің өзін қажетсінген тұстарында креативті ойлармен алға шығуы – оның тұлғалық болмысының білім мен тәрбие арқылы қабылданған үдерістері болып саналады. Сондай-ақ – оқушыға білім беру, дамыту және тәрбиелеу бір арнаға бағытталаып

беріліп жатқан қазіргі заманғы оқыту процесінің жаңартылып ұсынылуының мәні осында. Ғалым Н.Ф. Талызинаның: «Оқыту мен тәрбиелеу – алдыңғы толқын тәжірибелерінен үйрену үдерісіндегі арнайы ұйымдастырылған қызметтің түрі» (Talyzina, 1998: 9), деген анықтамасында көрсетілгендей, оқыту мен тәрбиені қабыстыра берудің маңызы зор. Оқытудың әлеуметтік мақсаттары ағартушылық, дамытушылық және тәрбие іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Ең басты мәселе, қазіргі қоғамға өз пікіріне берік, жаңа қоғамдық қатынасты дамытушы тұлға керек.

Өз кезеңінде әр заманның тәжірибелі педагогтарының озық идеялары таратылып, дидактикалық үдерістерге еніп жатады. Ш.А. Амонашвили, С.Н. Лысенкова, И.П. Волков, В.Ф. Шаталов, К. Бітібаева, К. Нұрғалиев, Р.Б. Нұртазина, т.б. жаңашыл ізденістерін айтуға болады. Алдыңғы аға буын ғалым-педагогтар ізін жалғастырушы, жаңартылған білім оқулықтарының мазмұнын Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова, Г. Қосымова, Р. Рахметова, Т. Ермекова, Б. Қапалбек, Ж. Отарбекова, М. Жолшаева, Г. Раева, т.б. ғалымдар құрып, олардың қолданысқа түсуіне автор ретінде атсалысты. Ал қазіргі таңда мүмкіндігі бар мұғалімнің ізденуіне, шығармашылық идеяларын іске асыруына және жариялауына еркіндік бола тұра, олардың педагогтік ісіне бірыңғай талаптар мен міндеттер де қойылып отыр. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей: «Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қазақ тілі оқытушыларын оқыту және олардың біліктілігін арттыру құрылатын жүйенің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады» (Bagdarlama, 2011), ұстаздардың біліктілігіне деген жауапкершілік, яғни оларды оқыту мәселесі мемлекет тарапынан да қолдау тауып отыр. Олардың алдындағы шәкіртіне жаңартылған білімнің бағдарламалық мазмұнын игерту арқылы олардың танымын арттырумен қатар

ол бағдарламаның бірыңғай талаптарын орындауы да өте маңызды рөл атқармақ. Оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттері арқылы білімгерді жан-жақты дамыту мәселесі пәннің ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, саналылық, көрнекілік, т.б білім берудің негізгі ұстанымдарын басшылыққа алуды көздейді. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Орта білімге кері әсер ететін факторлар – ескірген әдіснамалар мен білім беру мазмұнын іріктеу қағидаттары. Ақпараттың шамадан тыс болуы оқуға деген ынтаның төмендеуіне және оқушылар денсаулығының нашарлауына әкеледі» (bagdarlama, 2010) деп, анықтап берілген білім берудің кереғар тұстарын ескере келе, олардан алшақтататын тәсілдерді жүйелеу мақсат етіледі.

Әрбір мұғалімнің өз ісіндегі тәжірибесі бірегей болғанымен, жаңартылған білім мазмұнын оқытуда олардың ортақ идеялары да бар, олар:

- шәкірттеріне деген ізгілікті тұлғалық қатынас, әрбір оқушыны жеке тұлға деп санау;
- оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, олардың тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып танымдық іс-әрекетке араластыру;
- оқушыларға қиынырақ мақсаттар қоя білу және оқушылардың сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;
- ұжымдық, топтық, жұптық жұмыс түрлеріне сүйену;
- оқушыларға мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін таңдау құқығын бере білу;
- бағдарламалық материалды 4 түрлі танымдық іс-әрекетке бағыттай үйрету;
- ұжымдық және даралық өзін-өзі талдай білуге қатыстыру;
- оқушылардың дүниетанымдық көкжиегін кеңейтуге негізделген ақпараттарды мол беру;
- оқушылар білімін бағамдауда критериалды бағалау өлшемдерін негізге алу, т.б.

Мұғалімдер тәжірибесінде оқытудың негізгі формасы – сабаққа ерекше көңіл бөлінеді. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламаны меңгеруде сабақтың кезеңдері де жаңарып және мектептегі балалардың дербестігін, шығармашылық белсенділігін дамытуға бағыттылығына негізделген жаңа үдерістермен толықтырылған. Сабақтың 40 минуттық уақытқа қысқартылуы да баланың ынтасына, денсаулығына, физиологиялық дамуына нұқсан келтірмеудің бірден бір көрінісі.

Оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатын шешуде жаңа бағдарламаға құрылған оқулықтардың тапсырмалар түзінде көп жаңалықтары бар. Әр мақсаттың жетістік критерийлері есепке алынады. Оқушылардың ынтасын оятатын, қызығушылығын арттыратын, белсенділікке жетелейтін тапсырмалардың түрлендіріле берілуі оқулықтардың өзіндік ерекшелігі ретінде айқындалады.

Жаңа бағдарламамен ұйымдастырылған сабақ нәтижесінде мұғалім жақсы жетістікке жетудің жаңа формаларын шеберлікпен пайдалана алуына қарай: оқушылардың өз пікірінде тұра алуы; пікірталастар мен талқылауларға қатысуы; өз жолдастарына және мұғаліміне сұрақ қоя білуі; жолдастарының жауаптарын түзету; жолдастарының жауаптары мен жазба жұмыстарын бағалай білу; артта қалған оқушыларды оқытуы; үлгерімі нашар оқушыларға түсініксіз жерлерді түсіндіруі; өз бетінше шамасы келетін тапсырмаларды таңдауы; танымдық міндетті (мәселені) шешудің бірнеше түрін табуы; өзін өзі тексеру үшін, өзіндік танымдық және тәжірибелік әрекеттерін талдау үшін ойластыруы; танымдық міндеттердің шешімін өзіне белгілі тәсілдерін жинақтап қолдануы жүзеге асырылады.

Білім берудегі инновациялық технологиялардың тәжірибеге енуі мен оны тиімді қолдандудың өзіндік рөлі бар. Әлемдік озық үлгілер ғана жинақталып, тиімділігі танылған, нәтижелілігі мойындалған әдіс-тәсілдер қолданыстан шықпайды. Жаңашыл педагогтар мен шебер ұстаздар тәжірибесінде оқыту әдістері өзгеріп отырады. Ұзақ уақыт бойында оқыту үдерісінің елеулі бөлігі болып табылатын әдістердің алуан түрі жинақталған. Алайда олардың ара қатынасы, артықшылығы, нақты толысуы мектептің мақсаттық бағыттарына қарай өзгеріп отырады.

Эксперимент

Жаңартылған мазмұнда құрастырылған оқулықтарда балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытудың міндеттері бірінші орынға қойылады. Баланың логикалық ойын дамытатын тапсырмаларды көптеп беру қарастырылған. Оқылым мақсатындағы мәтіндермен оқып танысқаннан кейін, сол ақпараттардың мәнін түсінуі, қабылдауы және ол туралы өзіндік ой қорытуы, ақпаратқа интерпретация жасай алуы тұрғысынан баланың ой генерациясы іске асады. Ол тапсырмаларды немесе қойылған сұраққа жауап беруі ауызша

немесе жазбаша жүруі ықтимал. Бұл кезеңдегі іскерлік дағды қалыптастыру жұмыстары оның практикасына жол береді. Ал тыңдалым мақсатындағы мәтіндермен жұмыстың түрі де сан түрлі. Ақпаратты тыңдау арқылы негізгі мәселені анықтау, қосымша ақпарат не болып тұр және оған өз көзқарасы тұрғысынан анализ, синтез жасауы – оның оқу танымдық қабілетін арттырады.

Осындай жаңалық тұрғысында мектеп мұғалімдерінің бағдарламаға және жаңа тұрпатты оқулықтың мазмұнына көзқарас, пікірлері қандай деген мәселе туындады. 2017 жылдың қараша айында республикамыздың барлық облысына оқулық авторлары іс-сапарға шығып, оқулық мазмұнымен аймақ мұғалімдеріне таныстыру семинарлары жүргізілді. Еліміздің оңтүстік, батыс аймақтары бойынша жаңа оқулыққа деген қызығушылықтың басымдығы байқалды. Дегенмен мәселе туындататын сұрақтардың да көп болғаны жасырын емес. Мәселен, оқылым және тыңдалым мақсатындағы мәтіндерді бір сабақтың үдерісінде игерудің қиыншылығының басымдығы сөз болды. Алыс аудандарда тыңдалым іс-әрекетін жүргізуге техникалық құрылғылардың дайын еместігі алға тартылды. Дәл осы мәселемен оңтүстік, батыс аймақтардағы шалғай ауылдардың 50 пайыздайы қиындыққа ұрынары анық болды. Тыңдалым материалдары электронды сипатта жазылып, диск түрінде оқулыққа қосымша берілген болатын. Кейбір тәжірибелі ұстаздар өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, өзінің жеке компьютерлерін көтеріп жүріп бұл кедергілерді жеңудің жолын қарастырғаны да белгілі болды.

Ауызша баяндау әдістері мектепте бұрыннан-ақ басты орын алып келді. Мұғалім сөзі, оқулықтар – оқыту үдерісінің бұрыннан келе жатқан құралдары. Мектеп мұғалімдері дәстүрлі оқытудың осындай қасаң тәсілдерін қолдану үрдісінің орнын жаңа тәсілдермен ауыстыруға көше бастады. Соңғы он жылда олар проблемалық сипатқа ие болып келеді. Осы проблемалық әдіс жаңартылған білім мазмұны оқулықтарының мазмұндық құрамы болып келеді. Оқу материалы көкейкесті ғылыми және әлеуметтік мәселелер төңірегінде топтастырылып, оларды шешудің әртүрлі теориялық әдістері ұсынылады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай проблемалық міндеттер мен сұрақтар беріліп отырады. Мәтінге кіріспес бұрын ойтүрткі сұрақтарының берілуі проблема қоя оқыту ретінде, оқу материалын түсіндірудегі жүйелі үдерісте басты орынға ие.

Оқыту тәсілдерінің бірі – өздік жұмыс, оқушылардың өздігінен білім алуына, жұмысты жоспарлаудың маңызды дағдыларын қалыптастыруға, оны ұйымдастыру мен өзін өзі бақылауға, ақпаратты талдау мен сараптауға, эссенің түрлерін қолдануға, жазуға, жалпы қорытынды жасауға, жұмысқа тиісті түзетулер енгізуге дайындығы үшін маңызы өте зор. П.И. Пидкасистыйдың пікірінше (Pidkastyi, 1980: 68), ең қолайлы және практикада тексерген сабақтың тиімділігін, сабақ үстінде оқушылардың белсенділігін арттырудың бірден-бір жолы оқу жұмысында өзіндік жұмысты тиісті ұйымдастыру болып табылады. Өздігінен жұмыс істеу әрекеті үрдісінде ғана оқушы білімді меңгеруде қол жетімді жетістікке жетеді. Т.И. Шамованың айтуы бойынша, «Оқушылардың өзіндік жұмысы дегеніміз – олардың барынша белсенділік, шығармашылық, дербес ойлау мен ынталылық таныта отырып атқаратын қызметтері» (Shamova, 2007: 169). Өзіндік жұмыс оқушыны оқу субъектісі етіп қана қоймай, оның қазіргі ақпараттар заманындағы өте маңызды әртүрлі бағыттан келіп түскен ақпаратты жинастыру мен талдау дағдыларын қалыптастырады. Профессор Р.Г. Лемберг оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру белгілі шарттарға байланысты болатынын көрсеткен. Олар:

а) оқушылардың істейтін жұмысының мақсатын айқын түсінуі;

ә) жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне сенімділігі (Lemberg, 1962: 9). Осы аталған шарттардың орындалуы негізінде оқушы іс-әрекеттерінің нәтижесі айқындалып отырған. Мектеп мұғалімдері балалардың танымдық қабілетін арттыратын іс-әрекеттің қандай түрі болмасын, төселетінін, орындауға құзыретті болатынын тәжірибеде дәлелдей түскендігін байқаған.

Өзқызметтерінде жаңартылған білім мазмұны оқулықтарын қолдануға қызығушылықтың артқаны туралы пікірлер білдіріп, оңтүстік және батыс аймақтарында жүргізілген сауалнамалар бойынша аймақ мұғалімдерінің 90 пайызы қолдау танытты.

Нәтиже мен талқы

Жаңа оқулықта бағдарлама бойынша ірі бөлімдік тақырыпты және сол мазмұнды қамтитын бірнеше тақырыпшалардың қамтылуы оқушылардың оқу танымдық және дүниетанымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттыру міндетіне басымдық береді.

Осы міндеттердің орындалуындағы кейбір іс-әрекеттерді дидактикалық ойындар негізінде жүзеге асыру қарастырылады. Эмоционалдық өріске бағытталған олар оқушылардың танымдық ынта-ықыласына, қиялына дем беріп, оқу процесінде аз қамтылатын жеке тұлғалық компоненттердің қызметін арттырады. Рөлдік ойындар мен драматизация ынта-ықыласты оята-тын мықты педагогикалық тәсіл болғандықтан, іске асыруда оқушылардың қызығушылығын оятып, олардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Тыңдалым мақсатында мультимедиялық үрдіс қолданылады. Оқу үрдісінде ақпараттарды экранда бейнелеудің түрлі формалары мультимедия идеясын туғызады. Мультимедиялық технология – әртүрлі типтегі мәліметтерді пайдалану, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асатын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарлауына септілігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық-ақпараттық құрал. Презентациялар – оқушыларға жаңа материалды (иллюстрациялар, суреттер, бейне жазбалар, дидактикалық материалдар) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге материалды дайындауды және қолдану үдерісін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелерде көрсетілгендей, ақпараттық-коммуникативтік құралдарды сабақта пайдалану, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етеді. Ең бастысы-мұғалімдерді жаңа

компьютерлік технологияларды пайдалануға дағдыландырады. Мультимедияның білім беру үрдісіндегі маңызы:

- оқушы өз бетімен ізденеді; (интернет материалдарын жинақтау)
- шығармашылық белсенділігін арттырады;
- ұжымдық іс-әрекетке баулиды;
- еркін ойлауға мүмкіндік береді.

Оқулықтағы оқылым, тыңдалым материалдарын меңгеруде қолданылатын техникалық құрылғылар мұғалімнің дайындығына және оқушылардың есте сақтауы тұрғысынан маңызы зор. Еліміздің шет аймақтарындағы орта мектептерде жаппай құрылғылар орнату, жалпы мектепте техникалық база құру мәселесі Білім және Ғылым министрлігі тарапынан қолға алынып жатқан өзекті мәселе. Ал жаңартылған мазмұнды оқулықты қолдану мәселесі әр мектептің қай баспадан жарық көрген оқулықты таңдауы өз құзырындағы мәселе болып қалады.

Қорытынды

Осылайша, жаңартылған білім мазмұнын меңгерудің мақсат-міндеттерін шешудегі іс-әрекеттердің кешенді тұрғыда құрылғаны оқушыларды танымдық тұрғыдан белсендірудің практикалық шешімі мен нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Жаңа мазмұн – оқушыны құндылықтардан алшақтатпайтын, тұлға болып қалыптасуына, болашақта өз мамандығын таңдауына бағыт алатын және білім қорын жан-жақтан қалыптастыратын бірден бір оқыту құралы.

Әдебиеттер

- Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – Москва, 1998. – 280 с.
ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении / Педагогика. – 1980. – 240 с.
Шамова Т.И. Управление образовательными системами. – М., 2007. – 384 с.
Лемберг Р.Г. О самостоятельной работе учащихся // Сов. педагогика. – 1962. – №2. – С. 15-27.

References

- QR Tilderdi damyту men qoldanudyn -2011-2020 jyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [State Program of Development and Applications of Languages of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020], Astana, 2011. (In Kazakh)
QR Bilim berudi damytudyn -2011-2020 jyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [State Program of Education Development for 2011-2020], Astana, 2010. (In Kazakh)
Lemberg R.G. O samostoyatelnoi rabote ushashihysya [About students independent work] Sov.pedagogika. 1962. №2. P. 15-27. (In Russian)
PidkastyiP.I. Samostoyatelnaya poznavatelnaya deyatelnost shkolnikov v obushenii [Independent educational activities of schoolchildren in training] Pedagogika, 1980. P. 240. (In Russian)
Talyzina N.F. Pedogodishesaya psihologiya. [Pedagogical psychology.] Moskva, 1998. 280 s. (In Russian)
Shamova T.I. Upravlenie obrazovatelnyimi sistemami. [Management of educational systems.] M., 2007. 384 s. (In Russian)